

SMART CITY KYZYLORDA HACKATHON 2024 ОБЛЫСТЫҚ ІТ ЖОБАЛАР ХАКАТОНЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ

Мақсаты: Қызылорда облысының тұрғындары арасында «Smart city Kyzylorda» концепциясы аясында инновациялық ІТ жобалар, ақпараттық технологиялар мен стартап жобаларды дамытуға арналған «Әзірлеу» (Development), «Моделдеу», «Әлеуметтік және цифрлық медиа» бағыттарында ІТ-жобаларының байқауын ұйымдастыру.

Өту мерзімі: 25 қазан 2024 жыл.

Өтетін орны: Қызылорда қаласы, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің Студенттер сарайы, Ы.Жахаев 11.

Қатысушылар құрамы: ерікті түрде қатысушы азаматтар.

Уақыты	Іс-шара атауы, өткізілетін орны
10:00-11:00	Қатысушыларды тіркеу: Студенттер сарайы
11:00-11:30	Ашылу салтанаты; Қызылорда облысы әкімі аппараты _____ алғы сөзі; Қызылорда облысы әкімі аппаратының Ақпараттық технологиялар орталығы _____ алғы сөзі.
11:30-11:45	Қатысушыларға ережелерді түсіндіру, бағыттар бойынша бөлу: <i>«Әзірлеу» бағыты</i> – дөңгелек үстел; <i>«Моделдеу» бағыты</i> – концерттік зал; <i>«Әлеуметтік және цифрлық медиа»</i> – Open space коворкинг
11:45-15:00	Жобаларды қорғау – Питчинг
15:00-15:30	Байқау қорытындысын шығару, қатысушыларды марапаттау – Концерттік зал

ХАКАТОН БАҒЫТТАРЫ БОЙЫНША АҚПАРАТ:

Барлық секцияларға ортақ басым бағыттар:

- Мемлекеттік мекемелер, мемлекеттік қызметтер, денсаулық сақтау және қауіпсіздік салаларындағы Жасанды интеллект қолданысы;
- Ақпараттық қауіпсіздік және киберқауіпсіздік;
- Бизнес процесстер мен ауқымды мәліметтерді аналитикалық талдау құралдары;
- Мемлекеттік мекемелердің операциялық қызметін Жасанды интеллект көмегімен автоматтандыру.

1. «Әзірлеу» (Development) бағыты – сайт, мобильді қосымша, бот және ойындар әзірлеу бағытындағы жобалардың сайысы (Жүлде қоры: I-орын – 250 000 тг, II-орын – 150 000 тг, III-орын – 100 000 тг).

Smart city Эталондық стандарты аясындағы тұрғындардың «ақылды» қалада тұруына арналған жобалар бағаланады.

Бағалау шарттары:

- өнімнің өзектілігі;
- өнімнің жаңашылдығы;
- өнімнің өміршеңдігі;
- өнімнің қаржылық тиімділі.

2. «Моделдеу» бағыты – 3D моделдеу, робототехника, жасанды интеллект, ақылды заттар және BIM технологиялар аясындағы жобалар (Жүлде қоры: I-орын – 250 000 тг, II-орын – 150 000 тг, III-орын – 100 000 тг).

Өмірлік процесстерді жеңілдету, күнделікті қолданысқа арналған жаңашыл заттар мен қызметтердің жобалары қаралады.

Бағалау шарттары:

- өнімнің қолайлығы
- өнімнің прототипі
- өнімнің қаржылық тиімділігі
- өнімнің эргономикаға сай жасалғаны

3. «Әлеуметтік және цифрлық медиа» бағыты – LMS, онлайн оқыту, анимация мен кинематограф тақырыптарындағы жобалар байқауы. (Жүлде қоры: I-орын – 250 000 тг, II-орын – 150 000 тг, III-орын – 100 000 тг)

Білім контентін өндіру және оны цифрлы ресурстар арқылы жариялау бағытындағы жобалар бағаланады.

Бағалау шарттары:

- өнімнің креативтілігі;
- өнімнің прототипі;
- өнімнің адаптивтілігі;
- өнімнің дизайны;
- өнімнің тақырыпқа сай болуы.